

ХАТТАМА № 3

Уақыты: "1" қараша 2024 жыл

Қатысқандар: Алқа мүшелері

Күн тәртібінде:

- Оқушылармен байланысты туындаған дау-дамайды шешу үшін педагогтарға көмек көрсету;

ТЫҢДАЛДЫ: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Каепов А.М сөз сөйледі. Ол мектеп ортасында жасөспірімдердің жас ерекшеліктеріне байланысты «оқушы-оқушы», сондай-ақ «мұғалім-оқушы» арасында келіспеушіліктер мен дау-дамайлардың туындау қаупі бар екенін айтты. Педагогтардың мұндай жағдайларда эмоционалдық деңгейде емес, кәсіби тұрғыда, заң және педагогикалық әдеп аясында әрекет етуі маңызды екенін ескертті. Мектеп психологы Арингазина Д.Д. педагогтарға көмек ретінде конфликттерді басқарудың тиімді жолдары туралы баяндама жасады. Ол дау туындаған сәтте баланы кінәлау емес, мәселенің түпкі себебін (отбасылық жағдай, буллинг, эмоционалдық күйзеліс) анықтау қажеттігін түсіндірді. Педагогтарға дауды ушықтырмай, келіссөздер арқылы шешуге көмектесетін психологиялық нұсқаулықтар мен «Конфликтті шешудің алтын ережелері» аттай жадынамаларды (памятка) ұсынды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Жумабаева А.А сөз алып, мектептегі дау-дамайларды реттеудегі бітімгершілік қызметінің рөліне тоқталды. Ол кез келген күрделі дау кезінде сынып жетекшісі мәселені өздігінен шеше алмаса немесе ата-аналар тарапынан түсініспеушілік туындаса, мектептің Медиация қызметіне жүгіну керектігін айтты. Бұл қызмет екі тарапты да бейтарап тыңдап, ортақ мәмілеге келуге көмектесетін ресми алаң болып табылатыны баса айтылды.

Шешімі:

- Сынып жетекшілері мен пән мұғалімдеріне оқушылармен дау-дамай туындаған жағдайда эмоционалды қысым көрсетуге қатаң тыйым салынсын; мәселені шешуде «Педагогикалық әдеп» ережелерін басшылыққа алу міндеттелсін;
- Мектептегі «Мектепшілік медиация қызметі» (Бітімгершілік кеңесі) жұмысы күшейтілсін;

Хатшы  Жакыбаева Г.Н.